

"Қызылорда облысының аумағында карантиндік режимді енгізе отырып, карантиндік аймақты белгілеу туралы" Қызылорда облысы әкімдігінің 2013 жылғы 23 қазандағы № 334 қаулысына өзгеріс енгізу туралы

Қызылорда облысы әкімдігінің 2022 жылғы 30 желтоқсандағы № 704 қаулысы

"Өсімдіктер карантині туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 9-1-бабына және "Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Агроөнеркәсіптік кешендегі мемлекеттік инспекция комитетінің Қызылорда облыстық аумақтық инспекциясы" мемлекеттік мекемесінің 2022 жылғы 23 желтоқсандағы № 03-09-906 ұсынысына сәйкес Қызылорда облысының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. "Қызылорда облысының аумағында карантиндік режимді енгізе отырып, карантиндік аймақты белгілеу туралы" Қызылорда облысы әкімдігінің 2013 жылғы 23 қазандағы № 334 қаулысына (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде № 4539 болып тіркелген) келесі өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген қаулының қосымшасы осы қаулының қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. "Қызылорда облысының ауыл шаруашылығы және жер қатынастары басқармасы" коммуналдық мемлекеттік мекемесі осы қаулыдан туындайтын шараларды қабылдасын

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Қызылорда облысы әкімінің бірінші орынбасары С.С. Қожаниязовқа жүктелсін.

4. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қызылорда облысының әкімі

Н. Нәлібаев

Қызылорда облысы әкімдігінің
2022 жылғы "30" желтоқсандағы
№ 704 қаулысына қосымша
Қызылорда облысы әкімдігінің
2013 жылғы "23" қазандағы
№ 334 қаулысына қосымша

Қызылорда облысының аумағында карантиндік режимді енгізе отырып белгіленген карантиндік аймақ

№	Әкімшілік-аумақтық бірлік атаулары	Барлық залалданған аумақ, гектар	Оның ішінде карантиндік объектілердің түрлері бойынша, гектар			
			жатаған (қызғылт) кекіре	арам соялар	калифорниялық қалқаншалы сымыр	қауыншыбыны

1.	Арал ауданы	94	16	1	4	73
2.	Қазалы ауданы	237	11	11	5	210
3.	Қармақшы ауданы	212,5	10	80	2,5	120
4.	Жалағаш ауданы	287,02	40	71,02	9	167
5.	Сырдария ауданы	428	40	235	5	148
6.	Шиелі ауданы	870	110	95	5	660
7.	Жаңақорған ауданы	665	20	285	5	355
8.	Қызылорда қаласы	60,4	23	0,9	10	26,5
Барлығы		2853,92	270	778,92	45,5	1759,5

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК